

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 1 беті
---	---	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов
атындағы Қарағанды
техникалық университеті»
КеАҚ Басқарма Төрағасы –
Ректоры

 С.С.Сагинтаева

Басқарманың шешімі
№ 32 от «25» ақпан 2026 ж.



ЕРЕЖЕ

«Әбілқас Сағынов атындағы грант» конкурсын өткізу туралы

ІҚЕ II - 13 - 2026

Қарағанды 2026

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ ІІ - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 2 беті
---	---	---

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
3	Конкурстың мақсаты мен міндеттері	3
4	Конкурстың ұйымдастырушылары мен жұмыс органдары	3
5	Ұйымдастырушы мен конкурс комиссиясының функциялары	4
6	Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру тәртібі	4
7	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар	7
8	Қаржыландыру	8
9	Сұралған қаржыландырудың негіздемесі	8
10	Конкурстық іріктеу критерийлері	9
11	Конкурстық іріктеу критерийлері	10
12	Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздардың құқықтары мен міндеттері	10
13	Құжатқа өзгерістер енгізу	11
14	Келісу және қолданысқа енгізу	11
	Қосымша А Конкурсқа қатысушы туралы мәліметтер	12
	Қосымша Ә Ғылыми жоба аннотациясы	13
	Қосымша Б Түсіндірме жазба	14
	Қосымша В Жобаның шығындар сметасы	27
	Қосымша Г Алыс шетелге іссапарларды ұйымдастырудың университетішілік ережелері	29
	Қосымша Ғ Келісу парағы	31
	Қосымша Д Танысу парағы	32

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ ІІ - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 3 беті
---	---	---

«Сағынов гранты» конкурсын өткізу туралы ереже

1 Жалпы ережелер

1. «Абылқас Сағынов атындағы гранты» ғылыми жобалар конкурсын өткізу туралы осы Ереже іргелі және қолданбалы ғылыми жобаларды қолдауға бағытталған. Аталған Ереже Конкурстың мақсаты мен міндеттерін, «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ қызметкерлері арасында Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, конкурстық комиссияның жұмыс регламентін, сондай-ақ ғылыми жобаларды іріктеу критерийлерін айқындайды.

Осы Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ құрылымдық бөлімшелерінің барлығына қолданылады. Конкурс ережесі Ғылым және инновациялар департаментімен (Инновациялар және ғылыми-техникалық бағдарламалар бөлімімен) әзірленген.

2 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер тиісті анықтамаларымен қолданылады:

– грант – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу үшін Конкурс жеңімпаздарына берілетін мақсатты қаржылық қаражат;

– конкурс – «SaginovFund: Ішкі ғылыми бастамаларға қолдау» конкурсы.

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

– ҒТК – Ғылыми-техникалық кеңес;

– ҒжИД – Ғылым және инновациялар департаменті;

– ИжҒТБ – Инновациялар және ғылыми-техникалық бағдарламалар;

– ПОҚ – Профессорлық-оқытушылық құрамы;

– ҒЗЖ – Ғылыми-зерттеу жұмысы;

– ҒҒТҚН – Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері;

– ҒЖБССҚК - Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті.

3 Конкурстың мақсаты мен міндеттері

3.1 Конкурстың мақсаты - «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ғалымдарының ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және олардың ғылыми әлеуетін дамыту.

3.2 Конкурстың міндеттері:

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ғалымдарының ғылыми қызметін насихаттау және қолдау;

– елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін перспективалы ғылыми жобаларды әзірлеу және іске асыру бастамаларын қолдау;

– ғалымдарға өздерінің ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық идеяларын дамытуға мүмкіндік беру.

4 Конкурстың ұйымдастырушылары мен жұмыс органдары

4.1 Конкурстың ұйымдастырушылары – Ғылым және инновациялар департаменті (оның ішінде ИжҒТБ бөлімі);

4.2 Конкурстың жұмыс органы – конкурс комиссиясы;

4.3 Конкурс комиссиясының құрамына: ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, ҒжИД директоры, ИжҒТБ бөлімінің басшысы, ҒТК өкілдері кіреді;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 4 беті
---	--	---

4.4 Гранттардың саны мен мөлшері «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен белгіленеді;

4.5 Бұл конкурс жыл сайын өткізіледі, өткізу мерзімдері Басқарма төрағасы - Ректордың бұйрығымен бекітіледі;

4.6 Конкурс өткізілуін бақылауды ғылым және инновациялар жөніндегі проректор жүзеге асырады.

5 Ұйымдастырушы мен конкурс комиссиясының функциялары

5.1 Конкурс ұйымдастырушысы:

– конкурсқа қажетті ұйымдастырушылық, сараптамалық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;

– конкурсқа қатысушыларға конкурс құжаттамасын әзірлеу және өтінімді толтыру мәселелері бойынша кеңес береді;

– конкурсқа қатысушылардан түскен өтінімдерді қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

5.2 Конкурс комиссиясы:

– өтінімдерді қарау және жеңімпаздарды анықтау кезінде ашықтықты, қолжетімділікті, объективтілікті және жариялылықты сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

– ұсынылған өтінімдердің Конкурс талаптарына сәйкестігін тексереді;

– ең перспективалы өтінімдерді конкурс бойынша іріктеуді жүргізеді;

Конкурс жеңімпаздарын анықтау бойынша қорытынды шешімдер қабылдайды.

6 Конкурсқа қатысу үшін өтінім беру тәртібі

6.1 Гранттар жобаны іске асыру жоспары аясында қойылған міндеттерді шешуге бағытталған қолданбалы немесе іргелі ғылыми зерттеулерді жүргізуге арналған ғалымдардың шығындарын қаржыландыру үшін бөлінеді. Грант қаражаты келесі шығын баптарына пайдаланылуы мүмкін:

– жабдықтарды, материалдарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу;

– іссапар шығындары;

– Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу (мақала, патент).

Еңбек ақы мен жоғарыда көрсетілмеген басқа да шығындар қарастырылмаған;

Үшінші тұлғалардың (сыртқы ұйымдардың) қызметтеріне арналған шығындар жобаны іске асыру кезеңіндегі жалпы сұралған қаржыландыру көлемінің 20% (жиырма пайызынан) аспауы тиіс.

6.2 Зерттеу түрлері: іргелі немесе қолданбалы зерттеулер;

6.3 Жоба жетекшісі соңғы бес жыл ішінде жоба ұсынылатын ғылыми бағыт бойынша келесі жарияланымдарға ие болуы қажет:

– **жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар салалары үшін:**

– Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша процентилі болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланған кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 1 және/немесе 2 тізімге кіретін отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу.

– Өнертабысқа берілген патент, оның ішінде еуразиялық патент те, егер ол конкурсқа қатысушының атына ресми түрде тіркеліп, қолданыста болса, КОКНВО ұсынған басылымдағы мақалаға теңестірілген бір ғылыми жарияланым ретінде есептеледі.

– **әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салалары үшін:**

– Web of Science дерекқорының Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базасында индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ ІІ - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 5 беті
---	---	---

процентілі болатын рецензияланатын ғылыми басылымдарда жарияланған кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу;

– немесе Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің КОКНВО ұсынған, 1 және/немесе 2-тізімге кіретін басылымдар тізбесінен отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу.

– **әскери ғылымдар саласы үшін (әскери кафедраның подполковник немесе полковник шені бар қызметкерлері):**

– ҒЖБССҚҚ ұсынған 1 және/немесе 2 тізімге кіретін отандық немесе шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу.

– Өнертабысқа берілген патент, оның ішінде еуразиялық патент те, егер ол конкурсқа қатысушының атына ресми түрде тіркеліп, қолданыста болса, КОКНВО ұсынған басылымдағы мақалаға теңестірілген бір ғылыми жарияланым ретінде есептеледі.

6.4 Жетекші (әскери кафедра қызметкерлерінен басқа) ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы немесе бейіндік докторы ғылыми дәрежесіне ие болуы тиіс. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде КеАҚ еңбек өтілі кемінде 36 ай болуы қажет;

6.5 Жоба жетекшісі мен жобаның барлық қатысушылары Қазақстан Республикасының азаматтары болуы тиіс;

6.6 Жобаға қатысушыларға қойылатын талаптар: конкурсқа орындаушы ретінде Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде КеАҚ кемінде 12 ай жұмыс өтілі бар барлық штаттық профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлер қатыса алады. Конкурсқа қатысушылар үшін жас шектеулері қойылмайды;

6.7 Жобаның жұмыс тобының құрамы 5 адамнан аспауы тиіс;

6.8 Грант жеке ғылыми зерттеу жүргізу үшін беріледі. Грантты іске асыру барысында өтінімде көрсетілген мақсат, міндеттер және күтілетін нәтиже өзгертілмейді. Жоба жетекшісі грант сомасы мен күтілетін нәтижелерді өзгертпей, шығын баптары арасында қаражатты қайта бөле алады;

6.9 Қолданбалы зерттеулер бойынша грант алуға үміткер жоба жетекшісі жобаға қажетті ресурстардың (қызметтер, материалдар, жабдықтар, соның ішінде қаржылай) бір бөлігін қамтамасыз ететін жеке серіктестің қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үлес өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1%-ын құрауы қажет және бүкіл жоба іске асырылатын кезеңге есептеледі. Қоса қаржыландырушы ұйым ретінде келесі ұйымдар бола алмайды: өтінім беруші ұйымның еншілес, ведомстволық бағынышты құрылымдары немесе филиалдары; жобада бірінші басшы және (немесе) қызметкерлері қатысатын компаниялар;

6.10 Грантқа үміткер Конкурсқа өтінімді осы Конкурс үшін белгіленген талаптарға сәйкес рәсімдеп ұсынады. Талаптарға сәйкес келмейтін өтінімдер қабылданбайды немесе қайта өндеуге жіберіледі. Қателерді түзету мерзімі 3 (үш) күнтізбелік күннен аспауы тиіс. Бұл мәселеге қатысты шешімді сараптамалық топ қабылдайды. Өтінімде технологиялар дайындығы деңгейін анықтау әдістемесіне сәйкес ғылыми зерттеу кезеңінің әзірлену және аяқталу деңгейі көрсетіліп, тиісті құжаттармен расталуы қажет;

6.11 Осы Конкурс аясында әрбір үміткер (жоба жетекшісі) 1 (бір) ғана өтінім ұсынуға құқылы және өтінім берген сәтте басқа қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылатын жобалардың жетекшісі болмауы тиіс. Жобаның соңғы нәтижесінде технологиялық дайындығының деңгейі көрсетілуі қажет. Жоба аяқталған соң есеп тапсырылады және ҒҒТҚН тіркеуі жүргізіледі;

Жеке тұлға осы Конкурс аясында келесі шарттармен қатысуға құқылы:

– ғылыми жетекші ретінде – 1 (бір) ғана жобаға, сондай-ақ қосымша ретінде зерттеу тобының мүшесі ретінде де тек 1 (бір) жобаға қатысуына рұқсат етіледі;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 6 беті
---	---	---

– егер тұлға ғылыми жетекші болмаса және соңғы 6 ай ішінде әртүрлі қаржыландыру көздерімен жүзеге асырылып жатқан 1 (бір) ғана жобаның зерттеу тобының мүшесі болып табылмаса, онда ол зерттеу тобының мүшесі ретінде қатыса алады.

6.12 Грант бір адамға қатарынан үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді;

6.13 Конкурсқа қазіргі уақытта қаржыландырылып жатқан гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларының жетекшілері қатыса алмайды. Сондай-ақ, «Жас ғалым» бағдарламасы аясында қаржыландырылып жатқан жобалардың жетекшілері бұл Конкурсқа жетекші ретінде қатыса алмайды;

6.14 Өтінім беру сәтінде немесе одан үш жыл бұрын мемлекеттік бюджет немесе өзге де көздер есебінен қаржыландырылған ғылыми тақырыптар бойынша ұсынылған жобалар осы грант Конкурсына қатысуға жол берілмейді;

6.15 Бұрын ГҚ және БНҚ жетекшілері болған тұлғалар конкурсқа қатысуға жіберілмейді;

6.16 Конкурсқа ұсынылатын өтінім төменде көрсетілген нысандарға сәйкес рәсімделіп, келесі құжаттардан тұруы тиіс:

– Конкурсқа қатысушы туралы мәліметтер (А-қосымша);

– Ғылыми жоба аннотациясы (Ә-қосымша);

– Түсіндірме жазба (Б-қосымша);

– жобаның шығындар сметасы (В-қосымша);

– кафедра отырысының шешімінен үзінді, онда ұсынылған жобаның өзектілігі, қолда бар әзірлемелердің өтінімдегі мақсаттарға сәйкестігі расталып, жоспарланған ізденістік ғылыми зерттеу жұмыстарын орындауға кепілдік беріледі.

Аннотация мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде дайындалады, ал түсіндірме жазба мен сұралған қаржыландырудың есебі – мемлекеттік немесе орыс, сондай-ақ ағылшын тілінде ұсынылуы тиіс;

6.17 Өтінім бойынша конкурс құжаттамасы конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде қағаз және электронды түрде ұсынылуы тиіс. Өтінімдер мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде қабылданады;

6.18 Конкурсқа ұсынылатын жұмыс бір дана түпнұсқа түрінде, беттері нөмірленген, тігілген және қол қойылған күйде ұсынылуы тиіс;

6.19 Құжаттар (ҒЖИД) қағаз және электронды түрде келесі мекенжайға жолданады: 100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 56, бас корпус, 220-кабинет. Телефондар: 8 (7212) 56-51-87, 56-68-22 немесе ішкі 2226, e-mail: intp.department@ktu.edu.kz;

6.20 Конкурсқа қатысушы өтінімді жолдай отырып, ұсынылған жобада коммерциялық, мемлекеттік және (немесе) өзге де құпия ақпарат жоқ екенін растайды және жоба туралы мәліметтерді Конкурс ұйымдастырушысына беруге келісімін білдіреді (соның ішінде жоба туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында, баспа басылымдарында және интернет желісінде орналастыруға келіседі);

6.21 Өтінімге қол қоя отырып, үміткер келесі жайттарға кепілдік береді:

– осы Конкурсқа қатысу шарттарымен келісетінін;

– өтінімде ұсынылған ғылыми материалдарға құпиялық талабын қоймайтынын;

– өтінім беру сәтінде немесе оған дейін ұсынылған жобаның тақырыбы мемлекеттік бюджет немесе басқа көздер есебінен қаржыландырылмағанын.

6.22 Конкурсқа ұсынылған барлық өтінімдер 6.15-тармақта көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес бағаланады;

6.23 Конкурс талаптарына сәйкес келмейтін, дұрыс рәсімделмеген немесе конкурс туралы ақпараттық хабарламада көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған өтінімдер қаралмайды;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 7 беті
---	---	---

6.24 Өтінімдер академиялық және ғылыми-зерттеу этикасы қағидалары мен нормаларына сәйкес болуы тиіс. Плагиат жүйесі арқылы тексеруден өтпеген өтінімдер қараудан алынып тасталады. Өтінімнің түпнұсқалығының деңгейі кемінде 75% болуы қажет. Өтінімнің мына бөлімдері тексеруге жатпайды: зерттеу тобының құрамы, материалдық база, шығындарды негіздеу және пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

6.25 Конкурсқа жіберілген өтінімдердің қабылданбау себептері авторларға хабарланбайды;

6.26 Конкурсқа ұсынылған материалдар авторларға қайтарылмайды.

7 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

7.1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру нәтижелері бойынша жоба жүзеге асырылған **12 ай ішінде** келесі нәтижелерге қол жеткізу қажет:

– **Жаратылыстану ғылымдары, инжиниринг және технологиялар салалары үшін:**

– 1 (бір) мақала немесе шолу мақаласы ҒЖБССҚК ұсынған, шетелдік немесе отандық рецензияланатын басылымда жарияланған болуы тиіс ҒЖБССҚК -ның 1 және 2 тізіміне кіретін, екі немесе одан да көп санат бойынша индекстелетін журналдар есепке алынады);

– <https://is.ncste.kz/login> сайтында ҒҒТҚН жобаларын тіркеу;

– жобаның нәтижелерін өндірістік немесе білім беру үдерісіне енгізу актісін ұсыну;

– жобаның ғылыми бағытына сәйкес Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және Web of Science базасы бойынша 1-ші немесе 2-ші квартильге енетін, және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore процентілі кемінде **50** болатын рецензияланатын ғылыми журналда 1 (бір) мақала немесе шолу жариялау;

– жобаның ғылыми бағыты бойынша Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және Web of Science дерекқорында импакт-фактор бойынша 1 (бірінші), 2 (екінші) және (немесе) 3 (үшінші) квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда 1 (бір) мақала және (немесе) шолу, және (немесе) Scopus дерекқорындағы CiteScore процентілі кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда жарияланған 1 (бір) мақала, немесе №1 тізімнен ҒЖБССҚК 2 (екі) мақаласы;

– өнертабысты патенттеуге өтінім беру (инжиниринг және технологиялар саласы үшін).

– **Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салалары үшін:**

– 2 (екі) мақала немесе шолу мақаласы ҒЖБССҚК ұсынған, шетелдік немесе отандық рецензияланатын басылымда жарияланған болуы тиіс (ҒЖБССҚК-ның 1 және 2 тізіміне кіретін, екі немесе одан да көп санат бойынша индекстелетін журналдар есепке алынады);

– <https://is.ncste.kz/login> сайтында ҒҒТҚН жобаларын тіркеу, жоба аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде;

– жобаның нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу актісін ұсыну;

– жобаның ғылыми бағытына сәйкес Science Citation Index Expanded базасында индекстелетін және Web of Science базасы бойынша 1, 2 және (немесе) 3 квартильге енетін, және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore процентілі кемінде **35** болатын рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) мақала немесе немесе №1 тізімнен ҒЖБССҚК 2 (екі) мақаласы;

– авторлық құқық туралы куәлік алу.

– **Әскери ғылымдар саласы үшін (әскери кафедраның подполковник және полковник әскери атағы бар қызметкерлері):**

– 3 (үш) мақала немесе шолу мақаласы ҒЖБССҚК ұсынған, шетелдік немесе отандық рецензияланатын басылымда жарияланған болуы тиіс (ҒЖБССҚК -ның 1 және 2 тізіміне кіретін, екі немесе одан да көп санат бойынша индекстелетін журналдар есепке алынады);

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 8 беті
---	---	---

- <https://is.ncste.kz/login> сайтында FFTҚН жобаларын тіркеу;
- пайдалы модельге патент немесе өнертабысқа патент беру;

7.2. Жобаның күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін жоба аяқталғаннан кейін **18 (он сегіз) айлық** қосымша мерзім қарастырылған.

7.3. Жарияланым мақала шығару мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жобаны аяқтағаннан кейін **18 (он сегіз) ай** ішінде жарияланым шығындарына қаражат резервтеуге рұқсат етіледі.

7.4. Жарияланымдарда жоба жетекшісі **бірінші автор** немесе **хат-хабар үшін жауапты автор** болуы тиіс. Жоба жетекшілерінің Web of Science және Scopus базаларында индекстелетін журналдардағы жарияланымдары тек **мақала жарияланған журналдың ресми веб-парақшасының URL-мекенжайы** көрсетілген және журналдың **ISSN сәйкестігі** болған жағдайда ғана есепке алынады.

7.5. Жобалар бойынша барлық есептер, соның ішінде қол жеткізілген нәтижелер **плагиатты анықтауға арналған лицензияланған платформада** тексерілуі тиіс. Тексеру туралы мәліметтер есептерде міндетті түрде көрсетілуі қажет.

8 Қаржыландыру

8.1 Гранттық қаржыландыру қаражатын жоба жетекшісі бөледі;

8.2 Жобаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін гранттық қаржыландыру қаражаты осы Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығын түрлеріне бағытталуы тиіс;

8.3 Ғылыми немесе ғылыми-техникалық жобаны іске асыру туралы шарт конкурс жеңімпаздарымен белгіленген форма бойынша жасалады. Шартта көрсетілген ғылыми немесе ғылыми-техникалық жобаны іске асыру нәтижелері өтінімде көрсетілген күнтізбелік жоспар мен күтілетін нәтижелерге сәйкес болуы қажет;

8.4 Жетекші жобадан бас тартқан жағдайда, ғылыми-техникалық кеңестің шешімімен жобаны іске асыру тоқтатылады, шарт бұзылады, ал игерілмеген қаражат Университет қоғамына қайтарылады;

8.5 Міндеттемелер орындалмаған жағдайда орындаушы әр күнгі кешіктірілгені үшін 0,03% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9 Сұралған қаржыландырудың негіздемесі

«Іссапарлар» бабы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде ғылыми зерттеулер жүргізуге тікелей байланысты барлық шығындар көрсетіледі. Оларға конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу, басқа ұйымдардың инфрақұрылымын пайдалану мақсатындағы іссапарлар кіреді. Билеттер бойынша (авто, теміржол, әуе билеттері) қызмет көрсететін компаниялардың сайттарынан алынған баға ұсыныстары және іссапар жоспарының жобасы қоса берілуі тиіс. «Іссапарлар» бабы бойынша кестені толтыру кезінде келесі нормативтік құжаттарға сүйену қажет: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысымен бекітілген, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы аумағындағы іссапарлары туралы Ережелерге; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысымен бекітілген, шетелге, оның ішінде алыс шетелге іссапарларға байланысты шығындарды бюджет қаражаты есебінен өтеу қағидаларына; сондай-ақ университет ішілік іссапарларды растау қағидаларына және алыс шетелге іссапарларды ұйымдастырудың университетішілік ережелеріне (Г-қосымша);

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 9 беті
---	--	---

«Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар» бабында жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажет болатын, орындаушы кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын қызметтерге жұмсалатын шығындар көрсетіледі. Олардың қатарында мыналар болуы мүмкін: (1) ортақ пайдаланудағы ғылыми зертханалардың және өзге де зертханалардың қызметтері (2) қосалқы орындаушы ұйымдардың қызметтері, (3) конференцияларға, семинарларға, симпозиумдарға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналар; (4) жоба нәтижесінде алынған ғылыми нәтижелерді патенттеу шығындары; (5) зерттеу нәтижелерін жариялау шығындары; (6) 5-кестеге сәйкес талдамалық материалдарды сатып алу шығындары. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және (немесе) прайс-парақ қоса берілуі қажет;

«Материалдарды (жеке және заңды тұлғалар үшін), жабдықтарды және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз етуді (тек заңды тұлғалар үшін) сатып алу» бабында жобаның мақсатына қол жеткізу үшін қажетті материалдар мен жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға арналған барлық шығындар көрсетіледі. Олардың қатарына мыналар жатады: химиялық реактивтер, еріткіштер, стандартты үлгілер, зертханада қолданылатын шығын материалдары, ғылыми-зерттеу жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер, жанар-жағармай материалдары. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және (немесе) прайс-парақ қоса берілуі қажет. Сонымен қатар, жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға жеке тұлғаларға рұқсат етілмейді;

«Ғылыми зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын жабдық пен техниканы жалға алу, пайдалану шығындары» бабында жоба мақсатына қол жеткізу үшін қажет, бірақ өтінім берушінің иелігінде жоқ үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы жалға алу шығындары көрсетіледі. Сондай-ақ, жоба іске асырылуына байланысты коммуналдық қызметтерге, үй-жайларды, жабдықтар мен техниканы қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындар есепке алынады. Бұл жабдықтар мен техника ғылыми зерттеулерді тікелей жүргізуге тартылуы тиіс. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және (немесе) прайс-парақ қоса берілуі қажет.

10 Конкурстық іріктеу критерийлері

10.1 Конкурс жеңімпазын анықтау мақсатында конкурсқа ұсынылған өтінімдерді қарау кезінде келесі критерийлер белгіленеді:

№ р/б	Критерийдің атауы	Балдардың максимал мәні
1	Зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері	10
2	Әдеби деректерді талдау және мәселені қою	10
3	Жаңашылдығы	10
4	Зерттелу дәрежесі	10
5	Жоба жетекшісі мен қатысушыларының құзыреттілігі	10
6	Зияткерлік меншік нысандарының болуы (патенттер мен алдын ала патенттер, авторлық өнертабыстар, зияткерлік меншік нысанын мемлекеттік тіркеу)	10
7	Жобаның практикалық маңыздылығы	10
8	Әлеуметтік-экономикалық тиімділігі	10
9	Жобаның күтілетін нәтижелері және енгізу перспективасы	10

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 10 беті
---	--	--

10	Нәтижелерді коммерцияландыру әлеуеті	10
Барлығы		100

10.2 Ұпай саны бірдей болған жағдайда, артықшылық 6.3 тармаққа сәйкес елеулі ғылыми жетістіктері бар қатысушыға беріледі.

11 Конкурсты өткізу, қорытындылау тәртібі

11.1 Конкурстың ұйымдастырушысы қатысушылардың жобаларын тыңдау рәсімін конкурстық комиссия отырысында өткізеді;

11.2 Жеңімпаздар жобаларды таныстыру нәтижелері бойынша конкурстық комиссиямен айқындалады:

– әрбір критерий бойынша конкурстық комиссия мүшелері Конкурсқа қатысушыға балл қояды;

– барлық критерийлер бойынша (10.1-тармақта көрсетілген) балдар қосылады.

11.3 Конкурстық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді;

11.4 Конкурс қорытындылары университеттің Басқармасымен бекітіледі;

11.5 Конкурстық комиссия шешімінің негізінде ректордың бұйрығымен Конкурс жеңімпаздарына гранттар бөлінеді. Жеңімпаздар туралы ақпарат оларға жеке түрде хабарланады, сондай-ақ университеттің ресми сайтында (www.kstu.kz) жарияланады;

11.6 Нәтижелер жарияланғаннан кейін Конкурс жеңімпазы ҒЗЖ орындауға келісімшарт жасайды, жобаны қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін шығындар сметасын құрастырады және ҒЖИД-де ҒЗЖ тіркеу рәсімінен өтеді. Грант қаражаты шығындардың бекітілген сметасына сәйкес жұмсалады. Қолдау тапқан жобаларды техникалық сүйемелдеу жауапкершілігі ҒЖИД-не жүктеледі;

11.7 Грант бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін жоба орындаушылары ғылыми және қаржылық есептерді ұсынуы тиіс. Ғылыми есеп ГОСТ 7.32-2001 талаптарына сәйкес құрастырылып, жоба орындаушысының қолымен расталады және ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың бекітуімен қағаз түрінде тапсырылады. Қаржылық есеп Г қосымшасына сәйкес рәсімделіп, жобаның шығындарына жауапты бухгалтер мен жоба орындаушысының қолымен расталады;

11.8 Грант бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуы туралы есептер ҒЖИД-не ұсынылады және олар ҒТК отырысында қорғалады;

11.9 Егер өтінімдер саны аз болса және конкурс қаражаты толық игерілмесе, қалған сомаға жаңа конкурс жарияланады.

12 Конкурсқа қатысушылар мен жеңімпаздардың құқықтары мен міндеттері

12.1 Қатысушылардың құқықтары:

– конкурсты ұйымдастырушыдан конкурс шарттары мен өткізу тәртібі туралы толық әрі нақты ақпарат алу;

– конкурс өткізілмей тұрып кемінде екі күн бұрын өтінімді қайтарып алуға немесе оған өзгерістер енгізуге.

12.2 Жеңімпаздардың міндеттері:

– грант алынған күннен бастап 6 ай өткен соң ҒЖИД-не атқарылған жұмыс бойынша аралық есепті ұсыну;

– ҒЗЖ аяқталған соң, грант иегері жобаның күнтізбелік жұмыс жоспарына (жұмыс кестесіне) сәйкес ғылыми зерттеулердің орындалуы, олардың нәтижелері және грант қаражатының пайдаланылуы туралы қорытынды есепті растаушы құжаттармен бірге ҒЖИД-не ұсынуға міндетті.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ ІІ - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 11 беті
---	--	--

12.3 ҒЗЖ орындалуын бақылау нәтижелері есеп түрінде рәсімделеді және грант шеңберінде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды дайындауға негіз болады.

13 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы Ережені әзірлеу, рәсімдеу, келісу және бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер енгізу ДП Х-01 талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

14 Келісу және қолданысқа енгізу

Ереже Басқарма мүшесі – ғылым және инновациялар жөніндегі проректормен және ҒЖИ департаментінің директорымен келісіледі, Келісу парағында (Қосымша Е) рәсімделеді.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 12 беті
---	---	--

**Конкурсқа қатысушы туралы мәліметтер
(А-Қосымша)**

Жобаның атауы:	
Орындаушының ТАӘ (толық)	
Туған күні	
Жұмыс орны: <i>факультет, кафедра, лауызымы, мамандығы</i>	
Ғылыми қызығушылықтар саласы	
Басылымдардың жалпы саны	
Байланыс деректері (тел., e-mail)	
Конкурсқа қатысушының қолы / қолдың толық жазылуы	
Өтінім берілген күн	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 13 беті
---	--	--

**Ғылыми жоба аннотациясы
(Ә-Қосымша)**

1. Жобаның атауы;
2. Ғылыми міндет, мақсат, идея, өзектілік, жаңалық;
3. Мәселені шешудің әдістері мен тәсілдері;
4. Жобаны іске асырудан күтілетін нақты ғылыми нәтижелер;
5. Жоба бойынша жұмыстардың күнтізбелік жоспары.

Жұмыстың түрі	Жұмыстарды орындау кезеңі	Нәтижесі

6. Конкурса қатысушының жарияланымдары туралы мәліметтер

№	Шығу деректері	Жарияланымның түрі	ЖАК тізімінен басылым (иә/жоқ)	Scopus және Web of Science дерекқорларында индекстелген басылым (иә/жоқ)

7. Жобаның орындалу индикаторлары

Индикатордың атауы	Сандық деректер
Жоба шеңберінде дайындалған жарияланымдар саны	
Scopus немесе Web of Science ғылыми дәйексөздер базасында индекстелген журналдардағы мақалалар	
ҒЖБССҚК тізіміне енгізілген журналда мақаланы жариялау	
Мақаланы басқа журналдарда, жинақтарда және т. б. жариялау.	
Ғылыми конференцияда ұсынылған баяндаманың тезистерін жариялау	
Халықаралық ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу саны	
Патенттерді (лицензияларды, ЭЕМ бағдарламаларын, тіркеу үшін ноу-хауды) ресімдеу	
Монографияны жариялау	

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Ереже «Әбілқас Сағынов атындағы грант»	ІҚЕ II - 13 – 2026 Күні 2026.02.25 Бет 32 беттің 14 беті
---	--	--

Түсіндірме жазба (Б-қосымша)

Түсіндірме жазба

Түсіндірме жазбаның мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептеген кезде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

- 1.1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].
- 1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
